

Электронды сайлау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 735 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 50-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Электронды сайлау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 ш і л д е д е г і

N 7 3 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Электронды сайлау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесі

Осы Электронды саулау жүйесін қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қалыптастыру ережесі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес әзірленді және электрондық сайлау жүйесін қабылдауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Мемлекеттік комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құру тәртібін айқындайды.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, сондай-ақ ақпараттандыру және байланыс, стандарттау, метрология және сертификаттау, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы орталық мемлекеттік органдар өкілдерінен қалыптасады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 961
қ а у л ы с ы м е н

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.08.26. N 898
қ а у л ы с ы м е н

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 961

қ а у л ы с ы м е н

4. Комиссияға заңнамада белгіленген тәртіппен оған жүктелген міндеттерді орындау үшін сарапшылар ретінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін. <*>

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.09.14. N 961 қаулысымен

5. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша Комиссия электрондық сайлау жүйесін пайдалануға қабылдау туралы тиісті актіні бекітеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК